

Кафедра тарихы.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы қадағалау және аттестаттау комитеті 050103 – «Педагогика және психология» мамандығына АА№0000239 11.09. 2003 жылы, 050102- «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығына 26.04.2004 жылы АА№0000239 мемлекеттік лицензияға қосымша берілді. Бұл мамандықтар 2003-2006 оқу жылдарында «Филология» кафедрасында болды.

2007-2008 оқу жылында ЖОО бірігуіне байланысты Оңтүстік Қазақстан ашық университеті Халықаралық гуманитарлық – техникалық университетімен бірікті. 2008-2009 оқу жылында кафедраның аты «педагогика және психология» кафедрасы болып өзгертіліп, жоғарыдағы аталған мамандықтарды дайындау жұмысы жалғастырылды. Осы жылдары кафедраны педагогика ғылымдарының кандидаты Б.С.Дилимбетова басқарды. Сонымен қатар кафедра «Педагогикалық» факультетінің құрамына кірді. Халықаралық гуманитарлық-техникалық университетінің бірден бір алдыңғы қатардағы, «Педагогика және психология» кафедрасы 5В010200 – «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» және 5В010300 – «Педагогика және психология» мамандығының бакалавр мамандарын даярлайды. 2013 – 2014 оқу жылынан бастап кафедраны п.ғ.к. Қ.О.Өтеген басқарып келеді.